«6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған

Айнабекова Гүлжан Бабайқызының

«Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық орыс тіліндегі прозаның жанрлық жаңғыруы жоғарғы оқу орындарында инновациялық әдістемелік меңгерудің нысаны ретінде»
тақырыбындағы ғылыми диссертациясына

АҢДАТПА

Еңбектің жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасы – тәуелсіздік алғалы бері жан-жақты өркендеп келе жатқан көпұлтты мемлекет. Даму деңгейін жеделдету мақсатында қоғамдық сананы жетілдіру, модернизациялау жөнінде мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Қазақстанның әдебиеті де мемлекетпен қатар, қоғаммен, халықпен бірге жаңғырып келеді. Қазақстан әдебиетінің ажырамас бөлігі ретінде орыс прозасы да өмірлік шындықты мазмұнды әрі әдістемелік тұрғыда көркем сипаттау принциптерін жаңарта білді.

Қазақстандағы орыс прозасы модернизациясы мен оның инновациялық әдістемесінің жоғарғы оқу орындарында игерілу процесі әдебиеттану және әдістемелік ғылым тұрғысынан әлі зерттелген жоқ. Мына ғылыми еңбек белгілі бір мөлшерде осы олқылықтың орнын толтырды. Диссертацияда Қазақстандағы орыс прозасының жанрлық модернизациясын әдістемелік тұрғыда жоғарғы оқу орындарында игеру мәселесі терең зерделенді. Романдар мен повесттерді жанрлық тұрғыда талдаудың әдебиеттану мен әдістемелік аспектілері дайындалды.

Диссертация «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы талаптарына сай. Ғылыми еңбек әдебиеттану (атап айтқанда жанрология) және орыс әдебиетін оқыту әдістемесі (эпикалық шығармаларды тану, оқытудың инновациялық әдістемесін дайындау) бағытында толымды әрі тиянақты түрде соңына дейін зерттелді. Әдебиеттанудың жетістіктері мен талаптары, педагогика, дидактика, әлеуметтану мен әдебиетті оқыту әдістемесі негізінде дайындалған зерттеу еңбегіне пәнаралық сипат тән.

Тақырыптың өзектілігі – тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы орыс тілді прозаның жанрлық жаңғыру процесі игерілмей келуіне байланысты. Бұған қоса тақырыпты методикалық тұрғыда жоғары мектепте меңгеру мәселесі тыңғылықты дайындықты, нақтылықты қажет етеді.

Зерттеу нысаны – Қазақстандағы орыс тілді прозаның жанрлық жаңғыруы, әдеби үрдіс, көркем шығарманы әдістемелік негізде талдау, жанрды жоғарғы оқу орындарында оқыту категориясын анықтау.

Зерттеу пәні – Қазақстандағы орыс тілді әдебиеттің жанрлық жаңғыруы, қазіргі заман жазушылары шығармаларының психологиялық, педагогикалық негізі мен әдістемелік тәсілдерінің жанрлық процесін талдау.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанда тәуелсіздік кезеңінде жазылған орыс тілді прозаның жанрлық жаңғыруын зерделеу және бұл процесті жоғарғы оқу орындарында меңгерудің инновациялық әдістемелерін дайындау.

Зерттеу кезінде бірнеше **гипотеза** қаралып, тексерілді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстанда жазылған орыс тілді прозаның жанрлық жаңғыруын жоғары оқу орындарында әдістемелік тұрғыда меңгеру мынадай жағдайда тиімді болады:

– Қазақстандағы қазіргі орыс тілді әдебиеттің жанрлық модернизациясын және оның негізгі тенденциясын анықтау;

– жоғарғы оқу орындарында оқытып, әдеби шығармаларды талдау үшін нақты авторларды, олардың шығармашылығындағы жанрлық ерекшеліктерді зерделеу;

– оқыту құралдары мен инновациялық тәсілдерді пайдалана отырып жанрлар категориясы мен жанрлардың жаңғыру процесін жоғарғы оқу орындарында талдау әрі меңгеру;

Зерттеудің міндеттері:

– «жанр» және «жанрдың жаңғыруы» категориясын теориялық тұрғыда сипаттау, Қазақстандағы орыс тілді проза жанрларын зерттеу үшін романдар мен повестердің трансформацияға түсу (құбылу, өзгеру) жолын айқындау;

– В. Михайлов прозасының жанрлық трансформациясын сараптау;

– романдар мен повестер жанрының жаңғыру формасын көрсету (Н. Веревочкин, Н. Чернова, Л. Калаус);

– Қазақстандағы қазіргі орыс тілді прозаның жанрлық процестерін талдайтын психология-педагогикалық әрі әдістемелік аспектілерді әзірлеу;

– В. Михайлов, Н. Веревочкина, Н. Черновой, Л Клаустың көркем шығармаларындағы жанр процесін меңгерудің инновациялық әрі әдістемелік тәсілдерін анықтау, даярлау;

– В. Михайлов, Н. Веревочкина, Н. Черновой, Л Клаустың көркем шығармаларындағы жанр процесін меңгеруді көздейтін инновациялық әрі әдістемелік тәсілдерді тәжірибеден өткізу;

Зерттеу материалы ретінде В. Михайловтың («Великий джут» повесі), Н. Веревочкинаның («Зуб мамонта» романы), Н. Черновойдың («Степной Вавилон» повесі) және Л. Калаустың («Фонд последней надежды», романы мен «Темные паруса», «Цокольный этаж» повестері) көркем шығармалары пайдаланылды.

Аталған авторлар Қазақстандағы орыс тілді прозаның жетекші өкілдері болғандықтан, еліміздегі орыс тілінде жазылған шығармалардың жанрлық жаңғыруын осы романдар мен повестерге сүйене отырып талдауға толық негіз бар деп есептейміз. В. Михайлов, Н. Веревочкина, Н. Черновой мен Л. Калаус шығармашылығы біздің диссертация көздеген мақсатта бұрын-соңды зерттелмеген. Бұл – олардың эпикалық шығармаларындағы жаңғыру процесін зерделеудің қажет екенін көрсетеді.

Жоғарыда аттары аталған жазушылардың шығармашылығында повесть жанрында (В. Михайлов, Н. Чернова, Л. Калаус) және роман жанрында да (Н.

Веревочкин, Л. Калаус) еңбектер бар. Авторлар эпикалық шығармаларын жаңғырған, модернизацияланған қалыпта (форматта) жазған.

Осы әдістеме негізінде аталған жазушылардың шығармаларындағы жанр жаңғыруын талдау жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттердің Қазақстандағы орыс тілді проза жанрларының өзгерісін, құбылысын терең түсінуге көмегі көп болатынына сенеміз.

Қазақстандағы орыс жазушылары толерантты қауымдастықтың құрылуына белсенді ат салысады. Олар Қазақстандағы жағдайды саналы түрде шығармаларына арқау етті және көпұлтты қарым-қатынасты шынайы көрсете білді. Бұл да В. Михайлов, Н. Веревочкин, Н. Чернова и Л. Калаус шығармаларын таңдауымызды түсіндіретін қосымша айғақ. Студенттердің Қазақстанда өмір сүретін өзге ұлт өкілдерін құрметтей білуі, оларды осы бағытта тәрбилеу аса маңызды. Қазақстан Республикасының «Білім заңында» да толерантты, отансүйгіш болып жетілудің маңызды, өзге ұлт адамдарын қадірлеу қажет екені айтылған.

Студенттер біздің елімізде ғана емес халықаралық әдеби ортада жоғары баға алған, мойындалған қазақстандық жазушылардың шығармашылығымен танысуға, меңгеруге мүмкіндік алады.

Әдебиеттану тарихында В. Михайлов, Н. Веревочкин, Н. Чернова, Л. Клаус шығармалары Қазақстандағы орыс тілді прозаның жанр модернизациясы нысаны ретінде тұңғыш рет талданып отыр. Алғаш рет еліміздегі орыс әдебиетін оқытудың инновациялық әдістемесі, жаңаша формасы жасалды және аталған жазушылардың шығармаларын меңгерудің төте әрі тиімді жолы көрсетілді. Бұл **– зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

Қазіргі Қазақстандағы орыс тілді прозаны әдістемелік тұрғыда игеру, талдау және зерттеу кезіндегі диссертацияның ғылыми жаңалығы жалпы гуманитарлық ғылымдардың талаптары мен мойындалған жетістіктеріне сүйенеді: әдебиеттану, педагогика, дидактика, әдебиетті оқыту әдістемесі, әлеуметтану. Бұл қоғамдық, әлеуметтік және философиялық ұғымдарды түсіндіру үшін қазір қолданып жүрген пәнаралық тәсілдердің бәріне де ыңғайлы, икемді. Жалпыға білім берудің міндетті мемлекеттік стандарты мен филология мамандығының оқу жоспары пәнді толық игеру үшін оқытушыларды пәнаралық тәсілдерге жүгінуге бағыттайды. Пәнаралық қатынасты игеру студенттердің сапалы білім алуына, ғылыми талдау жасай білуіне аса маңызды.

«2018-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жалпыға білім беретін мектептердегі білім беру процесінің ерекшеліктері» атты хаттың 217 бетінде орыс тілі мәне әдебиетінің мұғалімдеріне пәнаралық тәсілді пайдалануға кеңес беріледі. Студенттер, орыс тілі мен әдебиетінің болашақ оқытушылары өз шәкірттерінің таным көкжиегін кеңейтіп, ойлау қабілетін дамыту үшін жоғарғы оқу орындарында пәнаралық тәсілдерді оқыту әдістемесін жетік білуі керек.

Қазақстан әдебиеттануында орыс тілді прозаның жанрлық жаңғыруын зерттеуге арналған монографиялар, ғылыми еңбектердің жоғы **зерттеудің**

оңай болмағанын көрсетеді. Орыс әдебиеті әдістемесінде Қазақстандағы қазіргі орыс тілді прозаны оқытудың методикалық тәсілі де жоқ.

Қорғауға ұсынылған негізгі талаптар:

– әдебиет жанрының үнемі өзгеріп, құбылып отыруына байланысты түрлі жанрология аспектілерін (трансформация, өзгеру, даму т.б.) есепке алып отыру керек; жанрлардың дамуын көрсететін процестер көркем әдебиет поэтикасының жаңғыруына апарады; қазіргі прозаның деңгейін елестету үшін оның маңызды жанрларына (роман мен повесть) талдау жасалуы тиіс, себебі осы жанрлар өзгеріске көп түседі, трансформацияға көбірек ұшырайды;

– В. Михайловтың «Великий джут» деректі повесінің жанрлық трансформациясы гибрид жолына түсіп, жанр аясы кеңіп, интертекст пен авторлық мәтін, статистика, шығарма иесінің өз пікірімен бірге деректі әрі көркем контекске айналды;

– Н. Веревочкиннің «Зуб мамонта» романы түрлі сюжет элементтері мен типтерінің синтезімен астасады; Н. Чернованың «Степной Вавилон» повесі де бірнеше жанр элементін (гибридке айналу белгісі) қамтыған: фабула мен сюжетсіз бастау, фабула мен поэтикалық көкжиек, өткен шақ пен келешек, лирикалық әрі юмористік, фольклор желісі мен заманауи ұғымдардың ұштасуы, баяндау мен метафоралық желі т.б.; Л. Калаус прозасы да гибридтенуге мысал: дерек пен көркемдіктің синтезі, абсурд пен рационалды, дарама мен комика, аналитикалық әрі сентименталді желі, баяндау мен диалог («Темные паруса» повесі), реализм, мистика, беллетризация («Цокольный этаж» повесі), интернет-күнделік синтезі, қиял мен шындық, интертексті кеңінен пайдалану («Фонд последней надежды» романы);

– әдебиетті меңгеру кезінде инновациялық оқытудың мынадай әдістері мен тәсілдері қолданылады: перезентация, пікір алмасу, жоба әзірлеу, синквейн, Сократ әдісі, инновациялық ойын, кейс-технология, пәннің түп негізі яғни метапредмет, ақыл-ой жылдамдығы, сценарий түзу, «жеті рет өлшеп, бір рет кесу» (стратегия семикратного поиска) тәсілі, көркем мәтінді концепті түрде концептологиялық тұрғыда талдау;

– оқу процесі кезінде студенттердің ойлау қабілетін дамытып, субъектілігін қалыптастыра алуы үшін прозадағы жанрлық жаңғыру жүйесін психология, педагогика, дидактика және әдебиетті оқытудың әдістемесінің жаңарған, жетілген нұсқасы негізінде инновациялық тәсілдермен дайындау керек;

– Қазақстандағы орыс прозасынның жанрлық жаңғыруын инновациялық әдістеме негізінде меңгеру білім берудің өзге де технологиясын қамтиды: тұлғаның даралығы, сыни ойлаудың қалыптасуы, қайраткерлік құндылық, проблемалық оқыту, сабақ материалдарын дидактикалық тұрғыда жетілдіру, оқытудың мәдени таным жүйесі, сонымен қатар инновацияның жаңашыл әдістемесі, концептуалды талдау, әдебиетті оқытудың презентациялық және диалог түріндегі тәсілдері;

Диссертацияның методологиялық негізі әдебиет жанрларын теориялық тұрғыда терең талдаған әдебиеттанушы ғалымдардың (Б.В.

Томашевский, М.М. Бахтин, Ю.Н. Тынянов, С.С. Аверинцев, Г.Н. Поспелов, В.В. Кожинов, Н.Л. Лейдерман, Р.С. Спивак, Т.Н. Маркова, М.Ю. Звягина т.б.) еңбектеріне арқа сүйейді.

В.В. Бадиков, С.В. Ананьева, Б.У. Жолдасбекова, А.Ж. Жақсылықов, В.В. Савельева, Н.К. Сәрсекеева, Л.В. Сафронова сынды қазақстандық ғалымдардың зерттеулері де Қазақстандағы орыс тілді проза жанрының жаңғыруын зерделеуге бағдар көрсетті.

Қазіргі заман орыс әдебиетіндегі жанрлық өзгерістер мен даму, құбылу процестерін меңгеру кезінде С.Д. Әбішева, Ш.Р. Елеукенов, К.С. Бұзаубағарова, У.К. Қалижанов, А.Б. Темірболат сынды т.б. әдебиетші ғалымдардың еңбектері молынан көмектесті.

Қазақстандағы қазіргі орыс тілді проза жанрларының модернизациясын игеру, талдау және түсіндіру жүйесін жасап, оқыту тәжірибесіне қолдану жоспарын түзу кезінде В.А. Доманский, Т.С. Зепалова, С.А. Зинин, Е.Н. Колокольцев, С.А. Леонов әдістемелеріне сүйендік.

Жанрлардың жаңғыруын психолого-педагогикалық негізде меңгеру жүйесін жасауда Н.А. Алексеев, Е.В. Бондаревская, Е.Н. Кабановой-Меллер, А.А. Плигин, Е.С. Полат, Г.К Селевко, В.В. Сериков, А.В. Хуторский, И.С. Якиманская сынды шетел ғалымдары мен Г.К. Ахметова, Б.А. Жетпісбаева, Г.Ж. Менлібекова, Т.К. Жұмажанова, С.О. Моминов, А.К. Мыңбаева, Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Хан іспетті қазақстандық белгілі тұлғалардың педагогика, дидактика, әдебиетті оқыту әдістемесі мәселелеріне арналған еңбектеріне назар аудардық.

Диссертацияны жазу кезінде мынадай **әдістеме** қолдандық:

– теориялық (әдебиеттанушы, философ, психолог, педагог ғалымдар мен әдебиет әдістемесін әзірлеуші педагогтардың еңбектерін игеру);

– тарихи-әдеби

– жүйелі-типологиялық әдіс;

– әлеуметтік-педагогикалық (оқу бағдарламасын талдау, жоғарғы оқу орындарында орыс әдебиетін оқыту жайы мен жанр процестерін талдауға арналған әдістемелік жүйе дайындау);

– тәжірибеден өткізу жаттығу мен эксперименттік жұмыстың соңғы кесіндісін қалыптастыру, кезеңділік кесектерін жүргізу.

Еңбекте айтылған ғылыми қорытындыларды жоғарғы оқу орындары мен мектептерде көркем шығармалардың жанрлық процестерін меңгеру, оқыту үшін кеңінен пайдалануға болады. Біз ұсынған жанрлардың жаңғыруын талдау технологиясы алдағы уақытта роман мен повестердің даму бағытын, жазылуы кезінде өзгеру, құбылу үрдістерін анықтауға бағдар болады деп сенеміз. Қазақстандағы қазіргі орыс тілді проза жанрларының бағытын айқындау әдістемесі әдебиетті оқытудың жаңа технологиясын әзірлеуге көмегі көп тимек. **Зерттеудің теориялық құндылығы** осында жатыр.

Қазіргі заман әдебиетіндегі жаңа тенденцияларды меңгеруге арналған арнаулы пәндерге, таңдаулы курстарға да диссертацияда көрсетілген проза

жанрларының жаңғыру процесін талдау әдістемесі қажетті деп білеміз. Бұл – **зерттеудің практикалық (тәжірибелік) құндылығы.**

Біздің зерттеуіміздегі материалдарды жоғарғы оқу орындары мен мектептерде «Орыс тілін оқыту әдістемесі» дейтін арнайы курстарға кеңінен пайдалануға болады.

Зерттеу мынадай негізгі үш кезеңнен өтті.

Бастапқы кезеңде (2016 жылдың қыркүйегі – 2017 жылдың мамыры) ғылыми зерттеудің өзегі анықталды, тақырыптың әдістемелік, әдеби, психологиялық, дидактикалық аспектілері таңдалды, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жазылған орыс тілді прозаны игеру, түгендеу жұмыстары жасалды.

Негізгі кезеңде (2017 жылдың қыркүйегі – 2018 жылдың мамыры) – ғылыми жұмыстың негізгі жобасы қалыптасты. Соның аясында түрлі эксперимент жасалды. Мәселен, зерттеудің кейбір тұжырымдары «Әдебиеттануға кіріспе» (1 курс), «Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жазылған орыс тілді прозаның жанрлық жаңғыруы» (3 курс) таңдаулы курсы, әдебиетті оқыту әдістемесі мен педагогикалық тәжірибе (4 курс) кезінде сынақтан өтті.

«Әдебиеттануға кіріспе» пәнін оқыту барысында зертеудің теориялық мазмұны В. Михайлов, Н. Веревочкин, Н. Чернова мен Л. Калаус шығармаларымен үндесті. Сөздікпен жұмыс істеу (терминологиялық тренинг формасында), эвристік пікір алмасу (оқытушымен өзара пікір алмаса отырып шәкірттің өз пайымын қалыптастыруы), өз бетімен тығырықтан шығу, диалог әрі көптің талқысына салу, топталып немесе жұп болып жұмыс істеу, интернет ресурстарын пайдалану сынды әдістемелік айла-тәсілдер кеңінен қолданылды. Пікірталас сипатындағы отырыстардан, жазушылардың шығармашылық кештерінен немесе әдеби конференциялардан жаңа оқыту әдістемесіне пайдалы электронды түрде баяндама, хабарлама дайындау тәжірибелері өтті.

Зерттеуіміздің негізінде қалыптасып келе жатқан әдістемелік оқыту жүйесі «Тәуелсіздік жылдарындағы орыс тілді проза жанрларының жаңғыруы» таңдаулы пәні аясында жүргізілді. В. Михайловтың «Великий джут» повесін меңгеру үшін хикаят поэтикасын зерттеу аспектілері (зерттеуге негізделген жоба) анықталды, баяндаманы электронды түрде таныстыру (ақпараттық жоба) әдістемесі нақтыланды, эссе (шығармашылық жоба) жазылып, дөңгелек үстел форматында әдебиеттанушылар арасында инновациялық ойындар ұйымдастырылды.

Повесті талдау кезінде интеграция (тарихи деректерге сүйену), каталог түзу (терминдер сөздігі), оқыту бағдарламасын әзірлеу (әдеби тезистер) тәсілдері қолданылды. Оқыту жобасы теориялық, тәжірибелік және текстологиялық деп үш бөлімге ажыратылды. Мәтінмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру үшін студенттер тәжірибелік тапсырмаларды орындады. В. Михайлов повесіндегі маңызды эпизодтарының антологиясын әзірледі.

Материалдардың теориялық каталогы Н. Веревочкиннің «Зуб мамонта» романын оңай талдауға ықпалы етті. Студенттер осы шығарма негізінде

әдеби терминдердің шағын сөздігін құрастырды. Олардың оқытушылық деңгейін анықтап, дағдыларын жетілдіру үшін Н. Веревочкиннің «Зуб мамонта» романын арқау етіп жобалау әдістемесін (жоспар құру, бағдарлама жасау, кәсіби дағдыны қалыптастыратын тапсырма дайындау, танымдық іс-шара ұйымдастыру, оқу бағдарламасынан конспект әзірлеу) пайдаландық.

Студенттер романды меңгеру алдында шығарманы оқудың жоспарын жасап, графигін түзеді. Маңызды сауалдарды топтастырып, күнделік жазып отырады. Филологтарға арналған интернет ресурстарын құрастырады.

Н. Веревочкин шығармашылығы бойынша блок-модуль сипатындағы оқу материалын жасап алу романның поэтикалық мәнін түсінуге көмегі тиеді. Бірінші блок – постмодернизм туралы қысқа анықтама. Екінші блок – постмодернизм поэтикасы туралы материалдар, оның интертекстке бейімделгіштігі, сюжет пен композицияның ерекшелігі, әдеби кейіпкерлерді сипаттау тәсілдері. Үшінші блок - постмодернизмнің әйгілі өкілдері жөнінде ақпарат. Блоктарды студенттер тезис, конспект, таблица, алгоритм, схема түрінде өздері дайындайды.

Н. Чернованың «Степной Вавилон» повесінің талдауы да теориялық материалдарға каталог жасау (терминдер сөздігі, теориялық ұғымдардың блогы) арқылы дайын болды. Кітапты талдамас бұрын студенттер автордың өмірбаяны, туған жері мен өскен ортасы, шығармашылық жолы туралы ақпаратқа қанықты. Олар жобаның зерттеу типін таңдауы себепті түрлі сынақтан өтті. Н. Чернова шығармасын интерактивті әдістеме тәсілдерімен түсіндіру, талдау оңай екені байқалды.

Студент пен оқытушының өзара еркін пікір алмасуы кітап мәтінін терең түсінуге ыңғайлы. Олар бірнеше топқа бөлінеді және ұжымдаса отырып оқытушының жаңылтпаш мәндегі сұрақтарына жауап іздейді. Талдаудың соңғы кезеңінде рефлексия тәсілін (өзін өзі бағалау) қолдану да орынды. Студенттер жасалған жұмысты сараптай келе нәтижені бағалайды, кемшілігі мен олқы тұстарын бағамдайды. Кітапты талдаудың нәтижесін бекемдей түсу үшін презентация формасында тапсырма орындау жүктеледі. Презентация ауызша, жазбаша, компьютердің көмегімен схемаға сүйенген немесе таблицаға негізделген формада жасала береді.

Л. Калаус прозасын әдістемелік тұрғыда игеру, меңгеру кезінде зерттеу (шағын ғылыми ізденіс), шығармашылық (эссе немесе шығарма), ақпараттық (баяндама, интернет ресурстар), тәжірибелік дағды (шағын сөздік, анықтама материал, рекомендация т.б.) секілді түрлі жобаларды пайдаландық. Бұған қоса оқытудың интеракивті тәсілдерін де қолдандық. Л. Калаустың «Цокольный этаж» повесін талдау барысында да түрлі технологиялар кейсі әдістемесіне жүгіндік.

Л. Калаустың «Фонд последней надежды» романын талдау кезінде тығырықтан шығу, қиындықтан жол табу сынды арнайы оқиғаларды ойлап таптық. Студенттерге Л. Калаус шығармасының жанрын анықтау тапсырылады. Әр түрлі рөлге еніп, сан алуан ойын арқылы жауап іздеу тәжірибе жүзінде инновациялық әдіс-тәсілдің оңтайлы екенін аңғартты.

Әдебиеттанушылардың дөңгелек үстел басында пікірталасқа түсуі де сан сұрақтың басын ашуға, шешімін табуға ыңғайлы.

«Әдебиетті оқыту әдістемесі» пәнін меңгеру кезінде В. Михайлов, Н. Веревочкин, Л. Калаус, Н. Чернова шығармаларынан мысал келтіре отырып, теориялық талаптарды нақтыладық. Практикалық сабақтарда интерактивті оқыту құрылғылары кәдеге жарады, түрлі қиын ситуцаиядан шығудың жолдары қаралды, эвристік кеңес, диалог, талқы, топталып немесе жұптасып жұмыс істеу, терминологиялық тренинг, профессионалды ойын сияқты жан-жақты айла-тәсіл қолданылды.

Орыс әдебиеті сабағының жобасын, методикалық терминдер сөздігін, В. Михайлов, Н. Веревочкина, Л. Калаус, Н. Чернова шығармашылығы негізінде әдебиеттанудың мектепке арналған сөздігін құрастыру сынды жобалар тәжірибе жүзінде іске асырылды.

Студенттерді сабаққа дайындау үшін интернет ресурстарды да кеңінен пайдаландық. Олардың ішінде филологиялық, әдістемелік порталдар мен сайттар, электронды кітапхана бар. Әдебиетті оқыту үшін жасалған әдістемелік әрі тәжірибелік сабақтарда поэтиканы меңгеру тәсілдері арқылы роман мен повесть жанрларын айыра білу мәселелері, көркем прозаның жанр тұрғысынан жаңғыруын тани алу жолдары көрсетілді. Студенттер В. Михайлов, Н. Веревочкин, Л. Калаус, Н. Чернова шығармаларынан теориялық-иллюстриативті мысалдарды бөліп алып, жеке қарастырды. Бұл өз кезегінде 4 курс студенттерінің «Әдебиетті оқыту әдістемесі» сабағын қазақстандық орыс тілді жазушылардың шығармалары арқылы жете түсінуге, терең тануға бағыт сілтеді.

Тәжірибелік жұмыстардың бәрі де қазіргі Қазақстанда орыс тілінде жазылған прозалық шығармалардың жанрлық тұрғыда жаңғыруын, өзгеруі мен құбылуын меңгеру әдістемесінің нәтижелі болғанын және біз ұсынған гипотезалардың шындыққа айналғанын көрсетті.

Қорытынды кезеңде (2018 жылдың қыркүйегі – 2019 жылдың мамыры) ғылыми зерттеу аясында жасалған тәжірибелер мен әдістемелік жобалардың нәтижесін жинақтау, сараптау жұмыстары жүргізілді. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда орыс тілінде жазылған проза жанрындағы көркем шығармаларды жанрлық тұрғыда қалай өзгерістерге ұшырағаны, оның сыры мен мәні нақтыланды.

Кафедраның ғылыми жұмыс жоспарымен байланысы. Диссертация ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Тәуелсіздік жылдары жазылған Қазақстан әдебиетіндегі тұлғаның интеллектуалды-инновациялық потенциалы парадигмасы» (2013 – 2015) және «Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның ұлттық идеясын құру процесі барысында гуманитарлық дискурс кезіндегі Елбасы рөлі» (2015 – 2017) жобалары аясында дайындалды.

Нәтижелердің қолдау табуы. Диссертацияның негізгі өзегі мен шыққан қорытындылары, алынған нәтижелері автордың арнайы мақалаларында да айтылды. Жанрлар процесін әдебиеттану және әдістемелік тұрғыдан меңгеру барысында диссертацияда айтылған тұжырымдар, шыққан нәтиделер «Тәуелсіздік жылдарында қазақстандық орыс прозасының жанрлық

жаңғыруы» таңдаулы пәнінде сыннан өтіп, өзектілігін дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері сайтымызға да жарияланды әрі университеттің оқу бағдарламасына да енді.

Мақалалар. Диссертациялық зерттеудің өзекті мәселелері 10 мақалада көрініс тапты. Олардың ішінде 6 мақала ҚР БҒ министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымда жарияланды. 1 мақала БД SCOPUS, 1 мақала шетелдегі халықаралық конференция жинағында, 2 мақала Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағында жарық көрді.

Үш бөлімнен тұратын диссертация құрылымын жоғарыда айтылған мақсаттар мен міндеттер жан-жақты нақтылайды. Зерттеу жұмысы 159 бет және автор арқа сүйеген, сілтеме жасаған ғылыми дерек өкздердің саны – 156.